

«ESIL UNIVERSITY» MEKEMECI

КЕЛІСІЛДІ:

"ESIL University" мекемесінің

ғылыми-әдістемелік кеңесі

№ 9 хаттама " 17 " 04 2025 ж.

БЕКІТЕМІН

Ғылыми-әдістемелік кеңесінің



Бірінші проректор - Академиялық қызмет

Екінші проректор

Мақыш С.Б.

2025 ж.

ЭЛЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

2025 жылғы қабылдау

7M041 – «Бизнес және басқару» дайындау бағыты бойынша

«Маркетинг» білім беру бағдарламасы

Траектория: Маркетинг / Салалардағы маркетинг

Берілетін дәрежесі – «Маркетинг» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару магистрі

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Академиялық кредиттер	Пәнді оқу нәтижелері бойынша қалыптасатын құзыреттері
1	2	3	4	5	6	7
Базалық пәндер(10 академиялық сағат)						
1	Шетел тілі (кәсіби)	Курстың мақсаты - шет тіліндегі ғылыми ақпараттарды жалпыға бірдей қабылданған негізгі формаларда жазбаша түрде түсіндіруге үйрету; -маман даярлау бейіні бойынша ресми - іскерлік және ғылыми функционалдық стильдегі іскерлік	Шетел тілі (бакалавриат)	Зерттеу практикасы	2	Курс аяқталуы нәтижесінде магистрант:оқитын шетел тіліндегі материалды ғылыми мазмұндауда функциональдық-стильдік сипаттамаларын; шетел тіліндегі сәйкес мамандығының жалпы ғылыми терминологиясының және терминологиялық астарын;

		сөйлеу жанрларының лингвистикалық ерекшеліктерін зерделеу; - жалпы ғылыми және кәсіби бағыттағы түпнұсқалық мәтіндер негізінде мәтіндерді шет тілінен оқыту тіліне және оқыту тілінен шет тіліне аудару дағдыларын жетілдіру				халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі іскерлік хат жазысудың негіздерін білу; ғылыми ақпаратты жазбаша түрде (реферат, аңдатпа, түйіндеме) беру, кәсіби пікірсайыстар, ғылыми дебаттар, жарыссөздер, «дөңгелек үстел» сұхбаттарына қатысу; тікелей және жанама қарым-қатынас кезінде көпшілік алдындағы сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдап, түсіне алуы; мамандығы бойынша монолог, диалог/полилог түрлерінде (баяндама, хабарлама, пікірталас, дебат, жарыссөз, ғылыми пікірсайыс, «дөңгелек үстел» сұхбаттары) ауызша қарым-қатынас жасау; мамандығы бойынша ақпараттық материалды мазмұндаудың жазбаша түрлерін (ғылыми баяндама, хабарлама, тезистер, постерлік баяндама, реферат, аңдатпа) дайындау; шетел тілін оқытудың заманауи құралдарын (шетел тілдерінің ұлттық корпустарын) қолданудағы дағдыларына ие болу керек
2	Басқару психологиясы және менеджмент	Пән магистранттарда кәсіби қызметті талдау, кәсіби қызметтің психологиялық заңдылықтарын, тұлғаның ұйымдастырушылық мінез-құлық технологиясын қолдану және тұлғааралық қатынастарды орнату, басқару функцияларының психологиялық	Психология, Менеджмент (бакалавриат)	Өндірістік тәжірибе	4	Басқару психологиясы және менеджмент

		ерекшеліктерін анықтау, теориялық ережелерді, әдістемелік негіздерді түсіну және қазіргі заманғы ұйымдардың қызметін басқарудың практикалық әдістерін игеру, қазіргі жағдайда менеджменттің дамуының жаңа тенденцияларымен танысу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған				
3	Бизнес-зерттеу	Пәннің мақсаты бизнес-зерттеулер үшін белгілі бір дағдыларды қалыптастыру үшін бизнес-акпаратты жинау және өңдеу әдістерін зерделеу, сондай-ақ бизнес-процестер үшін диагностикалық зерттеулерді жүргізу, бизнес-зерттеулердің практикалық тиімділігін негіздеу болып табылады. Бизнесі зерттеудің әдіснамалық тәсілдерімен және әдістерімен таныстыру: бизнесті зерттеудің сандық, сапалық, жеке, сараптамалық әдістерімен. Бизнесітегі экономикалық және қаржылық талдауды жүргізу.	Экономикалық теория, Макроэкономика, Микроэкономика (бакалавриат)	МЭЗЖ, Магистрлік диссертацияны жобалау және қорғау	4	Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы: Білуі тиіс: -бизнес-зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу функциялары, міндеттері, принциптері; - нарық пен фирманы, тауарлар мен қызметтерді бизнес зерттеу құрылымы мен мазмұны; - бизнес-зерттеу саласында шешімдер қабылдау, ұйымдастыру және жүргізудің теориялық және әдістемелік мәселелері; - Бизнес-зерттеулер үшін қолданылатын әдістердің негізгі түрлері. Істей алуы тиіс: - бизнес зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу; -бизнес-зерттеу әдістерін және шешім қабылдау әдістерін қолдану; - эмпирикалық және эксперименттік деректерді өңдеу;

					-сандық болжауды және бизнес-процестерді басқаруды моделдеуді жүргізу. дағдысы болу: - бизнес-зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдістері; - тұтынушылардың, өндірушілер мен меншік иелерінің және мемлекеттің мінез-құлқын талдаудың экономикалық әдістерімен; - толық маркетингтік және бизнес зерттеулер негізінде бизнес-жоспарды қалыптастыру.
	Кәсіби қызметтегі жасанды интеллект	Пән қазіргі заманғы жасанды интеллект (ЖИ) әдістері мен технологияларын және олардың әртүрлі кәсіби салаларда қолданылуын зерттеуге бағытталған. Курс ЖИ негізгі ұғымдарын, машиналық оқыту әдістерін, нейрондық желілерді, табиғи тілді өңдеуді, компьютерлік көруді және интеллектіуалды жүйелерді қамтиды. Ерекше назар кәсіби қызметте процестерді автоматтандыру, деректерді талдау және шешім қабылдау үшін ЖИ-ді қолданудың практикалық аспектілеріне аударылады.	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (бакалавриат)	МЭЗЖ, Магистрлік диссертация ны жобалау және қорғау	4
4					Білу: - Жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары мен әдістерін. -Қазіргі заманғы ЖИ технологияларын және олардың әртүрлі салалардағы қолданылуын. - Кәсіби қызметте ЖИ-ді қолданудың этикалық және құқықтық аспектілерін. Істей алуы тиіс: -Кәсіби қызметтегі міндеттерді ЖИ қолдану тұрғысынан талдау. -Практикалық тапсырмаларды шешу үшін ЖИ құралдары мен платформаларын пайдалану. -ЖИ шешімдерінің тиімділігін бағалау және оларды нақты жағдайларға бейімдеу. Менгеру: -Интеллектуалды жүйелермен және

						машиналық оқыту алгоритмдерімен жұмыс істеу дағдыларын. -ЖИ көмегімен деректерді өңдеу және талдау әдістерін. -Кәсіби қызметке ЖИ-ді интеграциялау тәсілдерін.
Бейіндеуші пәндер (15 академиялық сағат)						
5	Қолданбалы маркетинг	Отандық фирмаларда маркетингті ұйымдастырудың қолданбалы мәселелері, нарық конъюнктурасын бағалауды жүргізудің практикалық құралдары, маркетинг тиімділігін бағалау қарастырылады. Нарықты зерттеу, сатып алу тәртібін зерттеу, нақты фирмалар мен нарықтардың мысалында нарықтың фирмалық құрылымын талдау әдістері оқытылады. Фирманың маркетингтік қызметіне, отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізу бойынша дағдылар қалыптасады	Маркетинг, (бакалавриат)	Зерттеу практикасы	5	маркетингтің негізгі компоненттері мен қазіргі заманғы кәсіпорынның маркетингтік қызметінің сатыларының мазмұнын білу; ұйымның өмірлік циклінің кезеңдерінде маркетингтік стратегияларды әзірлеу және дәлелдеу; тұрақсыз конъюнктура жағдайында нарық индикаторларын болжау дағдыларына ие болу.
6	ҚР кәсіпорындарының маркетингтік стратегиясын әзірлеу	Маркетинг стратегиясын тандаудың әдіснамалық тәсілдері, маркетингтік стратегиялардың тиімділігін бағалау әдістері, маркетингтік стратегияны іске асыруды бақылау түрлері, нақты отандық кәсіпорындар мысалында маркетингтік стратегияны әзірлеу	Маркетинг (бакалавриат)	МЭЗЖ, Магистрлік диссертация ны жобалау және қорғау		білу: маркетингтік стратегиялардың тиімділігін бағалау әдістері; істей алу керек: маркетинг ортасын талдау нәтижелерінің негізінде маркетингтік стратегияларды әзірлеу; ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, өз бетінше шешім қабылдау және олардың

	процесі карастырылады. Кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеу үшін маркетингтік қызметтің аудитін ұйымдастыру тәсілдері ашылды. Қазақстан кәсіпорындарының маркетингтік стратегиясын әзірлеудің прогрессивті бағыттары болжанды			5	онтайлылығын бағалау; білуі керек: маркетинг стратегиясын таңдауда шешімнің міндетке сәйкес әдіснамалық тәсілдерді;
Трейд маркетинг	Бөлшек саудадағы маркетингтік қызметтің ерекшеліктері, сауда кәсіпорының басқарудың қазіргі заманғы маркетингтік концепциялары зерттеледі. Трейд-маркетинг құралдары ашылды: POS материалдар, мотивациялық акциялар, клиенттік базаны арттыру бойынша акциялар. Сауда кәсіпорындарының маркетингтік қызметін басқару әдістері, сауда кәсіпорындарының маркетинг стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу принциптері талданады.	Маркетинг (бакалавриат)	МЭЗЖ, Магистрлік диссертацияны жобалау және қорғау		Білу: трейд-маркетингтік қызметтің ерекшеліктері, трейд-маркетингтің формальды ұйымдастыру принциптері, Істей алу керек: компанияның АҚБ қабыптастыру, сауда алаңдарын тиімді пайдалану деңгейін талдау және бағалау, планogramмалар әзірлеу, тауарлардың ұсынылуына мониторинг жүргізу, қатысушылар үшін мотивация моделін әзірлеу құзыреттіліктер: сауда презентацияларын дайындау, ұйымдастыру және өткізу; сату процесінде келіссөздер жүргізу;
Коммерциялық логистика	Кәсіпорынды басқарудың дәстүрлі жүйесіне логистика талаптары, басқарудың логистикалық тұжырымдамасының ерекшелігі оқытылады. Сатып алу логистикасының ерекшеліктері, мені және міндеттері, тауарлық жабдықтау және жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру	Маркетинг, Құқық негіздері және жемқорлық а қарсы мәдениет (бакалавриат)	МЭЗЖ, Магистрлік диссертацияны жобалау және қорғау	5	Білуі керек: кәсіпорындағы материалдық, ақпараттық, қаржылық, кадрлық және құқықтық аяңдардың қозғалысын онтайландыру әдістері; кәсіпорынды басқарудың дәстүрлі жүйесіне логистика талаптары басқарудың логистикалық концепциясына сүйене отырып, кәсіпорынды басқарудың қазіргі

	әдістері қарастырылады. Логистикалық тізбек буындарының жұмыс ерекшелігі ашылады. "Логистиканы пайдаланудан экономикалық тиімділік есебі жүргізілуде.				заманғы теориясы мен тәжірибесінің кемшіліктерін анықтау.; істей алуы тиіс: логистикалық тізбек буындарының қызметін талдау әдістері: "сатып алу", "өндіріс", "қорлар", "қоймалау", "тасымалдау", "тарату және өткізу", "сервис" және оларды ақпараттық, қаржылық, құқықтық және кадрлық сүйемелдеу
ҚР кәсіпкерлік құрылымдарын құқықтық қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік құқығының негізгі институттары оқытылады, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері ашылады. Кәсіпкерлік шарттарды толтыру үдерісі суреттеледі. Бәсекелестікті қорғауды құқықтық реттеу, Сауда және делдалдық қызметті құқықтық реттеу мәселелері ашылады. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқығын қорғау ерекшеліктері және кәсіпкерлік дауларды шешу тәртібі қарастырылады.	Маркетинг, Құқық негіздері және жемқорлыққа қарсы мәдениет (бакалавриат)	МЭЗЖ, магистерлік диссертация		Кәсіпкерлік қызметті реттеу саласындағы мемлекет саясатының құқықтық негіздерін және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік құқығының негізгі институттары туралы теориялық ережелерді білу: Істей алу керек: Кәсіпкерлік қызметте қолдану және заңды дереккөздердің мазмұнын өз бетінше игеру. Нақты жағдайларда құқықтық нормаларды қолдану бойынша дағдыларды меңгеру.

Бизнес және басқару факультетінің деканы
 2023 жылғы 26 қыркүйек
 Кафедра меңгерушісі

«Dezi Invest» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
 ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
 ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Алина Г.Б.

«Компания КЭЯ 2012» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
 ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
 ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Замбинова Г.К.

«B-World market» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
 ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
 ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Директор
 Исмаилов А.